



Германияға қайта кіру үшін берілетін виза

Негізгі ақпарат

- Сіз барлық жаднамалар мен формулярларды дипломатиялық өкілдіктерінің виза бөлімшелерінде немесе веб-сайттарында тегің ала аласыз.
- Сондай-ақ «Ұлттық визаға өтініш беру туралы жалпы ақпарат» жаднамаға назар аударыңыз. Қосымша ақпаратты [Қазақстандағы неміс өкілдіктерінің веб-сайтынан алуға болады](#)
- Шет тіліндегі құжаттар неміс тілінің ресми аудармасымен ұсынылуы керек. Шетелдік төлқұжаттың тек мәліметтер бар ғана беті аударылмай қалады.
- Қазақстан Республикасы құжаттарының және сот шешімдерінің түпнұсқаларына құзыретті органдар апостиль қоюға тиіс. Апостиль құжаттың түпнұсқасына қойылып, аударылуы керек. Басқа елдердің құжаттарын немесе сот шешімдерін ұсынған кезде ресми талаптарға қатысты шетелдегі құзыретті дипломатиялық өкілдікке немесе консулдық мекемеге хабарласыңыз.
- Өкілдік басқа құжаттарды талап етуге құқылы.
- Құжаттар толық болмаған жағдайда тексеру жұмысын ұзартып және бас тартуға әкелуі мүмкін.
- Визалық өтініш бойынша оң шешім қабылданғаннан кейін визаны рәсімдеу үшін қолданыстағы медициналық сақтандыру туралы полисті ұсынуы қажет, егер бұл құжат алдын ала тапсырылмаған болса.

Сіз келесі жағдайларда Германияға қайтадан кіру үшін виза алуға өтініш бере аласыз:

- **Сіздің Германияда тұруға рұқсат беретін мөрі бар төлқұжатыңызды жаңа төлқұжат алуға өтініш берген кезде құзыретті мекемеге тапсырылып кеткен жағдайда.** Ескі және жаңа төлқұжатыңызбен Германияға кіре аласыз, егер де ол мүмкін болса. Егер Сізде жарамды электронды тұруға ықтиярхат (пластикалық карта) болса, Сіз Германияға ескі және жаңа төлқұжатпен және тұруға берілген рұқсатпен кіре аласыз. Мұндай жағдайларда қайта кіру үшін визаға өтініш берудің қажеті жоқ.
- Сіз Германияда тұруға ықтиярхаты бар төлқұжатыңызды жоғалтып алдыңыз немесе ол сізден ұрланды.
- **Сіз электронды тұруға ықтиярхатыңызды (картаңызды) жоғалттыңыз немесе ол сізден ұрланды.**
- **Сіздің тұруға рұқсатыңыздың мерзімі аяқталды және Сіз Германиядан алты ай бұрын кеткенсіз**

Жалпы ақпарат

Қайта кіру визасын беру үшін Сізге шетелдіктер істері жөніндегі мекеменің рұқсаты қажет болғандықтан, өтініш жібермес бұрын сол мекемеге хабарласып, алдын ала рұқсат деп аталатын құжатты сұрауыңыз керек. Дегенмен, шетелдіктер істері жөніндегі мекеме мұндай алдын ала келісім беруді талап етпейді. Алдын ала келісім беру немесе бермеу шетелдіктер істері жөніндегі мекемесінің қарауында.

Егер алдын ала рұқсат алынбаса, дипломатиялық өкілдік өтінішті қарау барысында құзыретті шетелдіктер істері жөніндегі мекемесімен хабарласады.



Германияға келгеннен кейін дереу шетелдіктер істері жөніндегі мекемеге хабарласыңыз және тұруға рұқсат алу үшін сол жерде жаңа өтініш тапсырыңыз.

Келесі тізім Сіздің құжаттарыңыздың толық толтырылғанын тексеруге мүмкіндік береді. Мұнда көрсетілген барлық құжаттар сұралған **үлгі бойынша кезегімен** тапсырылуы керек.

Виза өтініштерін бақылау тізімі

Әр өтініш бойынша келесі құжаттар толық көлемде ұсынылуы қажет.

- Ұлттық виза алу үшін неміс тілінде толық толтырылған және қолыңыз қойылған 2 дана өтініш.
- 2 дана «Тұрақты тұру туралы» заңының 54-шы § сәйкес қол қойылған түсініктеме.
- 3 **биометриялық** төлқұжат фотосуреті, уақыты 6 айдан аспайтын, өлшемі 3,5 x 4,5 см келетін (өтініш бланкілерінің екеуіне де фото жапсырыңыз және үшінші суретті өзіңізбен бірге алып келіңіз) (→ [Фотосуреттің үлгісі](#))
- Иесінің қолы қойылған** қолданыстағы **шетелдік төлқұжаты** + толық мәліметтері көрсетілген парағының екі көшірмесі. Шетелдік төлқұжаттың жарамдылығы сұралған визаның уақыт өткеннен кейін де кем дегенде 3 айлық күші болуы керек және кем дегенде екі бос беті болуы міндет.
- Сіздің төлқұжатыңыз немесе тұруға ықтиярхатыңыз жоғалған немесе ұрланған болса, жоғалғаны туралы полиция актісі, түпнұсқа мен екі көшірмесі.
- Егерде бар болса: тұруға ықтияр хатыңыздың екі көшірмесі
- Германияда тұрақты тұруыңызды растайтын құжаттар екі данада, мысалы
 - Сіздің ескі тұруға берілген ықтиярхатыңыздың көшірмесі
 - Тіркеу куәлігі немесе медициналық сақтандыру картасы
 - Сіздің еңбек шартыңыз немесе жалақы туралы анықтамаңыз
 - Студенттік картаңыз немесе университетке түсу туралы куәлігіңіз, сондай-ақ жоспарланған болу ұзақтығын қаржыландырудың растауы (ең көбі бір жылға).
- Неке туралы куәлік немесе тегін өзгерту туралы куәлік, тегінің өзгеруіне байланысты жаңа төлқұжат берілген болса, түпнұсқа мен екі көшірмесі.

Кәмелетке толмаған өтініш берушілер:

- Тұрғылықты жер туралы заңның 54-параграфына сәйкес өтініш пен түсініктемелерге барлық қамқоршылар қол қоюы керек.
- Туу туралы куәліктің түпнұсқасы + екі көшірмесі. ҚР туу туралы куәліктеріне апостиль қойылуы керек.
- Өтініш берушінің Германияда болуына барлық қамқоршылардың келісімі туралы нотариалдық мәлімдеме (өтініш берген кезде 3 айдан аспайтын) түпнұсқа мен екі көшірмесі.
- Барлық қамқоршылардың төлқұжатының немесе жеке куәлігінің екі көшірмесі

Қазақстан Республикасының азаматтығы жок өтініш берушілерге:

- Қазақстан Республикасында тұруға берілген ықтияр хат/тіркеуі, түпнұсқасы мен екі көшірмесі.